

«Күншуақ» бөбекжай бақшасы МКҚК

«Ана өмірдің гүлі»



«Айгөлек» тобы

«Ана өмірдің гүлі» .

Аналарды сүйеміз!
Сөзін ойға түйеміз.
Әрқашан біз ардақтап,
Әжеге бас иеміз!

Сенен өскен балалар-
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті ана, аналар!

Жүргізуші: Қымбатты да ардақты, аяулы аналар мен әжелер, әріптестер
Сіздерді көктемнің алғашқы айында болатын 8-наурыз мейрамымен шын
жүректен құттықтаймыз!

Сіздерге әлемнің нұрын, өмірдің гүлін, көктемнің шуағын тілейміз! №9
«Айгөлек» тобының балалары сіздерге арналған «Ана өмірдің гүлі» атты
ертеңгілімізге қош келдіңіздер.

(Балалар залға көңілді ән-күймен екі-екіден қол ұстасып шығып, жартылай шеңбер
тұрады)

Жүргізуші: Балалар қалай ойлайсындар бүгін қандай мереке? \Аналар мерекесі\

Балалар ең асыл жан кім? \Ана\

Қызығыңда, бұзығыңда көтеретін кім? \Ана\

Үнемі жаныңда демеу беретін кім? \Ана\

Сонымен бүгін қандай мейрам? \Аналар\

Осындай үлкен мейрамында аналардың жүзіне кішкене болса да қуаныш сыйлағымыз
келе ме? \ Иә \

Ендеше бәріміз орынымыздан тұрып аналарға арнап ән айтамыз.

Хор «Құттықтаймын Ана»

Жүргізуші: Ақ қар еріп ,

Су көбейіп!

Сай салаға толады.

Ағаш басы бүршік атып,

Гүл бәйшешек басады.

Балалар айтындаршы бұл қай кезде болады? \Көктем мезгілінде\

Көктем келеді. \балалар мен ,ата-аналармен амандасады.\

Ару көктем

Мен көңілді көктеммін,

Былыр келіп кеткенмін.

Көзін ашып бұлақтың,

Түбіне тал екенмін.

Гүл боп қырда егілем,

Дән боп жерге себілем.

Жаңбыр болып жауам да,

Нұр боп көктен төгілем.

Жүргізуші: Амансың ба, Ару көктем? Ұлан - байтақ жерімізге қош келдіңіз.

Шуағынды шаттандырып, нұрыңды мол төге бер. Көктем аруы біздің балалардың
өнерін тамашалаңыз

Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым.

Арналады сіздерге -деп балалардың тақпақтарын қабыл алыңыздар!

1. Инжу

Теңдесі жоқ данасың

Арқа сүйер панасың

Еңбегіңді ақтаймын

Аман болшы анашым!

2. Мират

Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз

Аналардан тарайды

Біздің ана тіліміз

3. С Әміре

Ана менің бақытым

Ана менің шаттығым

Анам барда қасымда

Жайнап тұрар бақшамын

4. Айым.

Анашым сен күнсің

Жылы шуақ нұрсын

Сені сүйіп әрдайым

Бақыт табар ұл-қызың

Ана менің қорғаным

Қасымдағы ардағым

Сені әр кез қуанту

Осы менің арманым

5: Жалғас

Аспандағы айымсың

Бақытыма балаған

Құтты болсын мерекең

Айналайын жан анам

6 Мүслим

Құтты болсын ақ анам

Сегізінші науырызың!

Тілейді бақыт бір саған

Әлпештеген ұл - қызың.

7.Арыстан

Анама гүл берем

Мерекемен құттықтап

Жақсы көріп әрдайым

Қуантып бүгін жыр төгем

Музыка ойнатылады қонаққа Көбелек келеді

Көбелек: Саламатсыздар ма балалар.

Мен көктемнің көбелегімін.

Аналар мерекесіне арнайы құттықтауға келдім.

Мен сендердің аналарыңды қалай жақсы көретіндеріңді білгім келеді.

Жүргізуші: Саламатсыз ба Көбелек. Біздің мерекеге қош келдің, біздің балалардың өнерін тамашалаңыз

Көбелек: Ал ендеше көрейік. сендер аналарына қалай көмектесесіңдер екен? Кәне барлығымыз бірге ойын ойнайық.

Ойын: «Мен көмекшімін»

Жүргізуші: Армысыңдар гүлдерім

Нәзік сұлу үндерім

көбелекпен қосылып

шаттық биін билеңдер -деп ортаға көбелектер мен гүлдерді шақырамын

Би «Көбелектер мен гүлдер»

Жүргізуші: балалар аналарға арналған тақпақғымызды жалғастырайық

9. Мадина

Менің әжем, бұл әжем

Ақыл беріп үйреткен.

Айтқан сөзі дәл әжем,

Аман болса көреді

Қызығымды дәл әже

10. Адина.

Мен анамды сүйемін

Сөзің ойға түйемін

Анашымды ардақтап

басымды оған иемін

11. Сардар

Ана деген өмірім

Ана деген тірегім

Сен бар кезде анашым

Жарқын болар тірегім

12. Санжар

Ардақты ана – аяулы ана қымбаттым

Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың

Өміріме нәрін бердін ақ сүттің

Кең құшағын -аясындай гүл бақтың

13. Айша

Аялаған анашым

Мәпелеген анашым

Менің саған тілегім

Қартаймашы анашым

14. Фатима

Мәпелеп мені өсірген

Ризамын мен өзіне

Ана деген керемет

Сыйлап өтем өмірде

14. Нұралы

Ақ сүт берген анашым

Күш-жігерін жұмсаған

Бұл өмірде жан ана

Тең келеді кім саған

Еркелеттің асырадың

Мойңына асыламын

15. Балжан

Бәріңізде анасын

Біз үшін күн боп жанасын

Құтты болсын мейрамын

Құттықтаймын анашым

Көктем:

Қымбатты менің достарым, менің қоштасатын уақытым келді. Бырақ мен енді әркез сендермен бірге боламын!.

аналарды сүйіндер,

жақсы сөздер айтыңдар

үлкендерді сыйландар.Сау болыңыздар!

Көбелек:

Сау болындар достарым

Тәртіпті бол күн сайын

Көктеммен бірге мен

Тағыда бір келермін

Жүргізуші:

Анашым, асыл анам

Бақытты бол әр қашан -дей отыра аналармен ойын

«Анамның дауысы» (балалар теріс қарап тұрады, аналардың біреуі балам -дейді, бала өз анасын дауысын табу керек)

Жүргізуші:

Қымбатты біздің аналар

Сіздер – бізге паналар

Ортаға шығып келіңіз

Ұлдарыңызбен билеңіз – деп ортаға «Аналар вальсі»

Би:«Аналар мен балалар» вальсі

(Великпен шығып гүлдерді балаларға таратады) Балалар аналарына гүлдерін сыйлайды.

Жүргізуші:

Аналарға мың алғыс

Бақыт тілеп айтамыз –деп балалардың орындауында хор «Аяулы анашым»

Жүргізуші:

Күндеріңіз толсын гүлге,

Отбасында болсын ырыс-береке.

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді!

Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған

ертеңгілігіміз аяқталды, назарларыңызға көп рахмет.



